


БЕКІТЕМІН:
ЖК Н.И.Ғайып «Ақбөбек» балабақшасы
Әдіскері  **С.Тулেকбаева**

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ

Топ: кіші жас Балапан

Балалардың жасы: 2 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: 18.09 - 22.09.2023ж.

Педагогтың аты-жөні Суесинова Б.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, құлыншақ ойыншығын атауға	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Арнаулы бұрышта тұрған Қазақстанның кәдесый жалауының түсіне, құрылымына көңіл аудару.	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Ойыншық бұрышының шаңын сүрту әрекетіне көңіл аудару, қолмен шүберекті ұстап,	"Еңбекке баулу" Міндеттері. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикус

және басқалар)	ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарына көңіл аудару. (еңбек дағдылары)	(еңбек дағдылары)	астына қоюды қадағалау; қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)	сөрелердің үстімен жүргізуді көрсету, тазалықтың маңыздылығы туралы түсіндіру. (еңбек дағдылары)	пен аспидистраны сукұйғышпен суғаруды көрсету. (еңбек дағдылары)
	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. Міндеттері. Балаларды тақпақты айту барысында "Құлыншақ" ойыншығына қарап, қимылдарына еліктеуге ынталандыру, айтылған сөздерден жағымды әсер алуға баулу. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесінде жалысы бар екен	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Күн мен жаңбыр". Міндеттері. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері	Қазақстан картасын көрсету. "Отан" тақпағын мәнерлеп оқу, қимыл жаттығуы. Міндеттері. Балаларды Қазақстан картасын қабылдауға машықтандыру; Отан туралы тақпақты тыңдауға, Отан сөзін қайталауға ынталандыру. Педагог балаларға тақпақты оқығанда Қазақстан ұғымын білдіретін суретті көрсете алады. Б. Ысқақов. "Отан". Отан - сенің ата-анаң,	Саусақ ойыны. "Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, еске сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова	Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ байтақ, Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту, сенсорика)

	Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа! Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	(жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балаларға күн мен жаңбыр туралы түсінік беру; олардың пайда болуы мен дыбыстық ерекшеліктері (жаңбырдың "там-там") жөнінде білімдерін кеңейту. Балалардың табиғат құбылыстары арқылы тілін, қабылдау қабілетін және еске сақтауын дамыту. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Міндеттері. Мәтін сөздеріне байланысты қимылдарды орындауды үйрету.	Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту, сенсорика)	
Ертеңгілік жаттығу	1. "Қасқыр мен лақ" жаттығуы. Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Еңкейіп қолды оңға-солға созамыз. Бастапқа қалыпқа келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды жанымызға созып түсіреміз. Демді сыртқа шығарамыз.				

	Отырып-тұру. Екі аяқпен бірге секіреміз. (3 рет қайталау) 2. "Көңілді аяқтар" Бастапқы қалып: аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Бір дегенде орнымызда тұрып секіреміз. Екі дегенде бір орында жүреміз. Бір ... (балалар орындарында тұрып секіреді) Екі ... (балалар орындарында жүреді) (3 рет қайталау) (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың тәбетін ашу. Өздігінен тамақтануға ынталандыру. Дастарқанның әдемісін-ай, Тағамның (ботқаның, көженің, сорпаның, қуырдақтың) дәмдісін-ай. Тамақты тауысқан балақай Ең күшті болады. Пай, пай! Д. Ахметова (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. Күніміз қандай тамаша! Көңіліміз де тамаша. Қанекей, шеңберге жиналайық, Шапалақтайық та айтайық: - Тамаша! Д. Ахметова				
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру. М.Ж.Б	Музыка. "Әжемнің әні" Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды	Дене шынықтыру. М.Ж.Б	Дене шынықтыру. М.Ж.Б	Сурет салудан ойын-жаттығу. "Жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Балаларға

		эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.			қарындашты үш саусақпен ұстап, белгіленген жерден (бұлт сұлбасының төменгі жағынан) қарындаштың ұшымен төменге қарай қысқа сызықтарды қояды үйрету; қарындаштың ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; сурет салу іс-әрекетін педагогтің көрсеткен үлгісіне қарап жасауға дағдыландыру; жаңбыр құбылысы жөнінде түсініктер беру. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Ауызша нұсқаулар бойынша қимылдар жасауды үйрету.
--	--	---	--	--	---

					(сурет салу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)
2- таңғы ас	Тағамның атауын еске сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!"				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Күнді бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күннің аспанда орналасуын және жарқырайтынын байқату, жылу мен жарықты беруі туралы айтылып жатқанда қолдарын жайып, жоғары созып, жағымды эмоцияларға бөлінуге ынтыландыру; күн туралы алғашқы ұғымдарды қалыптастыру. Педагог балаларға қимылдарды көрсетіп жатады, балалар соңынан қайталайды. Алтын күнге	Күзгі ауа райын бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға күз мезгілі туралы жалпы ұғымдар беру, күзгі күннің бұлтты, салқын болуына көңіл аудару, адамдардың жылы киінгенін байқату; зейін, ойлау, сөйлеу қабілетін дамыту. - Айналаға қараңдаршы, балалар, жапырақтар сарғайды. - Аспанды бұлттар қаптады. - Адамдар жылы киіне бастады. <i>Қ. Ыдырысов "Күз".</i>	Ақшыл бұлтты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға көгілдір, ақшыл бұлттарды байқауды үйрету; бұлттардың ақ мамықтай түрлі бейнелерге ұқсайтыны туралы баяндап, түйсігін, ой-қиялын дамыту. - Балалар, аспанға қараңдаршы. - Бұлар не? - Иә, бұлар ақ бұлттар. Ақшыл бұлттар, Құстар ұқсап қанат жаясыңдар. Ақшыл бұлттар, Қайда ұшасыңдар?	Топырақты бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға топырақтың дымқыл не құрғақ болғанын көрсету, құрғақ жермен жүруді ұсыну. Педагог дымқыл топыраққа табанын басып, балаларға табанға балшықтың жабысқанын көрсетеді. - Балалар, біз дымқыл жерді басып жүрсек, табанымыз кірлейді. Абайлаңдар! Құрғақ жермен жүрейік. Еңбекке баулу	Ағаштарды бақылау. Мақсат-міндеттері. Балаларға ағаштарды таныстыру, ағаштардың жасыл жапырақтары желпілдеп, жайқалып тұрғанын байқату; зейін, ойлау қабілеттерін дамыту. Жанымызда биік ағаштар, Бұталарында жапырақтар. Ағаштар тік тұрады, қозғалмайды, Жапырақтарын бізге бұлғайды. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан

ұқсайық, Қолдарды, кел, созайық. Қолдарымыз - шуақтар, Жайылады жан- жаққа. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауды,	Күзім-күзім, күзім- ау, Мінезің бұзық-ау. Жаңбырың сіркіреп Келгенің қызық-ау. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Жалауға жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға көрсетілген жалауға қарай жүгіруді үйрету; бұлшық еттерді, кеңістікті бағдарлау қабілетін	Педагог балаларға "Бәйтеректің" суретін көрсетіп, оның биіктігін бұлттарға созылғанын байқатады. - Қараңдаршы, балалар! Көшемізде мұнара бар. Бойы биік, зор болып тұр, Ақшыл бұлтты тіреп тұр. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу.	тапсырмалары: балаларды құмның бетін ағаштан, түсіп қалған қоқыстардан тазалауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу; тазалық сақтау әдетін дамыту. "Алдымызда ұзынша" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға белгілі бағытпен бір-бірінен кейін бір сапта жүру әдебін дамыту. Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам	түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсат-міндеттері. Балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Аулада өседі ағаштар" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға жапырақтардың желдегі қимылдарына еліктеуді үйрету, жағымды эмоциялық әсерлерді алуға ынталандыру. Педагог балаларға қолдарымен жапырақтардың қимылдарын көрсетеді,
--	--	---	---	---

	педагогтің көрсетуіне еліктеуді үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Допты қағып ал" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды допты екі қолмен ұстауға жаттықтыру; тепе-теңдікті сақтауға, ептілікке баулу. (қоршаған ортамен	дамыту. - Балалар, жалаулармен ойнайықшы. Педагог түсі үш түрлі жалауды алаңның үш жеріне қадап қояды. - Балалар мына жалаулардың түстерін атайықшы. (Қызыл, сары, көк.) - Жарайсыңдар! - Қазір мен атаған жалауға жүгірейік. Мұқият болыңдар! Педагог кезегімен үш жалаудың бір түсін атап, балаларды сол жаққа бағыттайды. - Қанекей, балалар, түзу тұр! - Қызыл (сары, көк) жалауға жүгір! Педагог балалардың бір-біріне соқтығысып қалмауын ескереді. "Тегіс жолмен	"Кім тыныш?" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта тыныш жүру әдебіне үйрету, аяқтың табанын толық басып және аяқтың ұшымен жүріп қимылдау дағдыларын қалыптастыру; белгі бойынша қозғалуға ынталандыру. - Балалар, қазір аяқтарымызды нық басып, менің соңымнан сайға қарай жүрейік. Сайға қарай адымдаймыз, Түрлі дыбысты тыңдаймыз. Көрейік. Бұл қай бұрыш? Тыңдайық. Тыныш ... Тыныш ... - Қанекей, балалар,	барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Шеңберге көзде" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларда нысанаға (құм салынған қап) қапты көздеп ату, ептілік, мергенік қабілеттерін дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	көркемсөзбен сүйемелдейді. Аулада өседі ағаштар, Бау-бақшада тұрады қатар-қатар. Созады көп бұтақтарын, Желге желпілдеп, жайқалып. "Шеңберден шықпа" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберге тұрып, шеңбердің бойымен қимылдауды үйрету; кеңістікті бағдарлауды, мұқияттылық пен достыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
--	--	--	---	---	---

	танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Алға қарай жылжи отырып, екі аяқты бірге қосып секіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Барлығы тату ойнауға, ойыншықтарын бөлісуді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	аяғымыздың ұшымен тыныш жүрейік ... - Бұл жақта не бар екен? - Тамаша! Педагог белгілі объектіні тапқандарын айтады, балаларды мақтайды. Жаттығу бірнеше рет өткізіледі, жүру бағыттары ауысады. "Өткеншек" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың шеңберге тұру, тақпақ сөздеріне сай қимылдай білу қабілетін қалыптастыру. Бір жоғары, бір төмен, Күні бойы тербелем. Өткеншек-ау, әткеншек, Айнала бер бізбенен. (қоршаған ортамен		
--	--	--	--	--	--

			танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру. "Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті,	Сенсорикадан ойын-жаттығу. "Ғажайып дорба". Мақсат-міндеттері. Балаларды үлгіге немесе сөздік	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу. "Саңырауқұлақ". Мақсат-міндеттері. Балаларға жаңбырдан	Текшелермен ойын. Мақсат-міндеттері. Текшелер арқылы биік немесе аласа "үйлерді" салуға ынталандыру,	"Сәлем!" мультфильмін көру. Мақсат-міндеттері. Балалардың эмоцияларын жетілдіру; ересек пен	"Түстер бойынша жұптарды жина" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды

кітаптарды қарау және басқалар)	нұсқауға сүйеніп, біркелкі заттарды піші және түсі сияқты сенсорлық қасиеттері негізінде жалпылауды, біріктіруді, бөлуді, тапсырмаларды орындау қабілеттерін қалыптастыру; біркелкі заттардың айырмашылықтары туралы түсінік беру. "Жалауға қарай жүгір" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Ереже бойынша ойнауды үйрету. Жылдам жүгіру дағдысын дамыту. "Жалауша" тақпағын оқу, қимылдар жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстанның Туын тануды және атауды;	кейін саңырауқұлақтың пайда болуы және өсуі туралы туралы түсінік беру; ойын барысында жанбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Аталған заттарды ғана себетке жинауды үйрету. Саусақ ойыны. "Бас бармақ". Мақсат-міндеттері. Баланың тілін, қолдың ұсақ моторикасын, есте сақтау қабілетін дамыту; жағымды эмоцияларға бөлене білу қабілетін қалыптастыру. Бас бармақ – байтақ,	текшелердің шеттерін, "үйді" құламайтындай түзеп отыруды көрсету. Құралдар: текшелер. Бірге үй саламыз (қол белде). Түзу тұрамыз (екі аяқ арасы алшақ) Төменнен бастаймыз (қолды алға созу), Қайта отырамыз (отыру), Кірпішті кірпішке салып (қолдар жоғарыға). (құрастыру, сөйлеуді дамыту)	топтастар жанында жүріп, ортақ жағымды көңіл күйге бөленулері үшін мүмкіндік жасау. (сөйлеуді дамыту)	түстеріне қарай ажыратуды үйрету; заттарды түстеріне қарай жұптарға жинауға жаттықтыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейін, ойлау қабілетін дамыту. Құралдар: әртүрлі зарттардың суреттері (арасында түстері бірдей жұптар орналасқан). (құрастыру, сөйлеуді дамыту)
---	---	---	--	---	--

	жалауша туралы тақпақты тыңдауды, жағымды көңіл күйге бөленуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, құрастыру) Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова	Балаң үйрек – көмек, Ортан терек – бөлек, Шылдыр шүмек – керек, Кішкентай бөбек – көбелек, көбелек. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Д. Ахметова			
Балалармен жеке жұмыс	Алдымызда ұзынша, Жайылып тұр жолақша. Топ-топ басайық, Бірге жылдам барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	"Жапырақтар". Мақсат-міндеттері. Ермексازдан көлемі бірдей кесектерді жұлу әдісін игерту. (мүсіндеу)	Б. Ысқақовтың"Отан" тақпағын мәнерлеп оқу. Отан - сенің ата-анаң, Отан - досың, бауырың. Отан - өлкең, астанаң, Отан - аудан, ауылың. (сөйлеуді дамыту)	Саусақ ойыны. "Тоқ- тоқ, тоқ-тоқ, саусағым". Тоқ-тоқ, тоқ-тоқ, саусағым, Соққылайды томпағым. Түймешені, түймешені, Басып, басып таппадым. Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)	Құлыншақ ойыншығымен ойнату. "Құлыншақ тентек екен". Құлыншақ тентек екен, Желкесіндегі жалы желкен, Желмен жарысып шауып, Анасына ұстатпай кеткен. - Құлыншағым, алысқа шаппа, Далаға қашпа!

					Д. Ахметова (сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету.				
Серуен	Түскі серуендегі бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өздігімен шешуді, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Қиылған суреттерді тұтас суретке жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауы байланатын ойыншықтармен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Қазақстанның Туын көрсету. "Жалауша" тақпағын оқу. Мақсат-міндеттері. Балаларға Қазақстанның Туын тануды, атауға үйрету; отансүйгіштікке тәрбиелеу. Не деген тамаша! Қолымда таяқша, Көк, жібектей, мата, Желбіреген жалауша! Д. Ахметова				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Әңгімелесу: "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға әкелуі және алуы кезіндегі әрекеттері", "Ата-ана баласын қалай еркелетеді?"				

